



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 50 (8437) Бейсенбі 12 мамыр 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

МЫҢ ТАҒЫМ, САҒАН
МАЙДАНҒЕР!

ЕРЛІКKE ТАҒЫМ ЕТІЛДІ

«КҮРКІРЕП КҮНДЕЙ ӨТТІ ҒОЙ СОҒЫС» ДЕП ҚАСЫМ АҚЫН ЖЫРЛАҒАНДАЙ, 1941-1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ 1 МЛН. 200 МЫҢ ЖАУЫҢҒЕР ҚАТЫСЫП, СОНЫҢ ТЕҢ ЖАРТЫСЫ СҰРАПЫЛ СОҒЫСТАН ТУҒАН ЖЕРІНЕ ОРАЛМАДЫ. МАЙДАНДАҒЫ ЕРЛІГІ ҮШІН 520 ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ 100-ДЕН АСТАМ ҚАЗАҚ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ АТАНДЫ, БІРНЕШЕ МЫҢДАҒАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТҮРЛІ ОРДЕН, МЕДАЛЬДАРМЕН МАРАПАТТАЛДЫ.

ҚАР ЖАМЫЛЫП, МҰЗ ЖАСТАНҒАН БАТЫР АТАЛАРЫМЫЗДЫҢ ЖАНҚИЯРЛЫҚ ЕРЛІГІ МЕН ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ҚАЖЫМАС ЕҢБЕКТЕРІНІҢ АРҚАСЫНДА КЕЛГЕН ЖЕҢІСТІҢ 71 ЖЫЛДЫҒЫ АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ «ҚАЙҒЫЛЫ АНА» ЕСКЕРТКІШІ МАҢЫНДА КЕҢІНЕН АТАЛЫП ӨТІЛДІ.

Алдымен аудан басшысы жеңімпаз ардагерлермен жеке-жеке амандасып шыққан соң, Мұратхан Жүнісәліұлы «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» кең байтақ жерімізді қорғаған бабаларымыздың аманатына адалдық танытқан аға буын өкілдері-бүгінгі қарт жауынгерлердің ерліктеріне тоқталды. Сұрапыл соғысқа ауданымыздан аттанған 3481 жауынгерлердің, соның ішінде Кеңес Одағының Батыры атанған Ақеділ Суханбаевтың өшпес ерлігі, тыл ардагерлерінің жанқиярлық еңбектері арқасында келген Жеңіс мерекесімен барша қауымды құттықтап, игі тілегін білдірді. Бұдан соң сөз алған Байзақ ауданының Құрметті



азаматы Р. Шәметов ұлық мейрамның мән-маңызын сөзіну, тәуелсіз еліміздің өсіп-өркендеуі ауызбіршілік пен татулыққа тікелей байланысты болғандықтан, бейбіт күннің қадіріне жетудің маңызын сөз етті.

Ұлы Отан соғысында құрбан болған ерлер бір минуттық үнсіздікпен еске алынды. «Байзақ баба» мешітінің бас имамы Р.Азизов әруақтардың рухына бағыштап, құран оқыды. Содан соң жиналған қауым «Қайғылы ана» ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етті.

* * *

Бұдан соң жиналған қауым даңқты батыр атындағы саябаққа бет алды. Бүгінгі бақытты өмір үшін жанын қиған, өшпес ерлігімен тарих бетіне есімін алтын әріппен жазған жерлесіміз, Кеңес Одағының Батыры А.Суханбаевтың ескерткішіне аудан басшысы бастаған аудан азаматтары гүл шоқтарын қойып, бір минут үнсіздікпен еске алды.

Аудандық әл-Фараби атындағы мәдениет үйінің әншілері соғыс жылдарындағы және одан кейінгі жылдардағы әндерді, яғни «Кестелі орамал», «Жеңіс күні», «Тағзым», «Отаным-мақтанышым» секілді туындыларды әуелете шырқап, шараға қатысушыларға айрықша көңіл-күй сыйлады.

Түске таман Жеңісті жақындатқан асылдың сынығындай болып аразымызда жүрген қарт ардагерлерге құрмет көрсетіліп, «Бағлан» мейрамханасында арнайы дастархан жайылды. Кеудесін оқ пен отқа тосқан майдангерлер құрметіне ән мен күйден шашу шашылды, игі тілектер айтылды.

Ауданымыздың барлық елді мекендерінде Жеңістің 71 жылдығын ұлықтаған шаралар кеңінен өтіп, спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар марапатталды.

Өз тілшіміз.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

ЖЕР МӘСЕЛЕСІ-ЕЛ МӘСЕЛЕСІ

С. Қалмұратов,
«Ауыл жаңалығы».

Елбасы, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың елімізде жүргізіліп отырған барша реформаларды халыққа түсіндіру туралы тапсырмасын орындау мақсатында Төрағаның Бірінші орынбасары бастаған партияның

Жер кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы халыққа ақпарат тарату бойынша партияға артылар жауапкершілік жүгі салмақты екенін атап өтті. Осы орайда, партияның барлық аймақтық бөлімдерін ауқымды жұмыс күтіп тұр. Аталған тапсырма бойынша партиялық топтар өңірлерге шығып, жер-жерде түсіндіру жұмыстарына кірісіп кетті, – деді ол.



үгіт-насихат топтары, Парламент депутаттары өңірлерге шыққаны белгілі.

Осыған орай, өткен аптада ауданымызға арнайы келген «Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент мектебінің директоры Жанар Боқанова әл-Фараби атындағы мәдениет үйінде аудан тұрғындарымен жүздесу өткізді. Аталмыш кездесуді аудан әкімі Мұратхан Жүнісәліұлы ашып, жүргізіп отырды.

Жанар Қалиқанқызы кездесу барысында Елбасы, партия Төрағасы тарапынан Бес институттық реформа мен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыруға байланысты партияға мемлекеттік реформаларға қатысты барша түсіндіру жұмыстарын жүргізу жүктелгендігін жеткізді.

–Мемлекет басшысы Бес реформаны және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру аясында атқарылып жатқан шаралар, Қазақстан Республикасының

Баяндамашы Ұлт жоспарын халыққа түсіндіру жұмыстарының тетіктері жайлы айта келе, осыған орай партияда жалпыұлттық жобаларды халыққа



насихаттаудың нақты іс-шаралар тізбегінен құралған арнайы жоспар бекітілгенін жеткізді.

Бес институттық реформаны

жүзеге асырудың заңнамалық негізін қалыптастыру бойынша, партияның Парламент Мәжілісіндегі фракциясы ауқымды жұмыс жүргізген. Депутаттар 59 заңды қабылдап, олардың 37-сін Елбасы бекітті.

Атап айтқанда, «Міндетті медициналық әлеуметтік сақтандыру туралы», «Жер кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы», «ҚР Мемлекеттік қызметі туралы», «Ақпараттың қолжетімділігі туралы», «Қоғамдық кеңестер туралы», «Өзін-өзі реттеу туралы», «Ауыл шаруашылық кооперативтері туралы», кәсіпкерлік қызметті реттейтін бірқатар заңдар.

Жанар Қалиқанқызы сондай-ақ ел арасында қызу талқыланып жатқан үштілді оқу жүйесіне қатысты да өз ой-пікірімен бөлісті.

Аудан тұрғындары атынан сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы К.Бесбаев аудан аумағындағы шаруа қауымды ірілендіру мәселесі өзектілігіне тоқталса, сарыкемерлік тұрғын Сәбит Бексұлтанов мектеп оқушыларының үш тілді қатар меңгеруіне байланысты өз алаңдаушылығын жасырмай, ортаға салды.

Келелі кездесуді аудан басшысы

СЕНАТ ДЕПУТАТЫ АУДАНЫМЫЗДА

М.Манекеев,
«Ауыл жаңалығы».

Бүгінгі күнде халық қалаулылары Қазақстан Республикасының Жер кодексіне қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін өңірлерді аралап жүргені белгілі. Заң аясында халыққа жасалып отырған жеңілдіктер, жерді жалға беру тәртібіне қатысты мәселелерді түсіндіру мақсатында Қазақстан Республикасы Сенатының депутаты Мұратбай Жолдасбаев ауданымызға арнайы келген болатын.

Мұратбай Смағайұлы іс-сапары барысында аудандағы «Талап» және «Манат» шаруа қожалықтарында болып, ондағы жылыжайлардың жұмыстарымен танысты, жұмысшы қауыммен кездесулер өткізді.

–Жер сатуға қатысты сауатты ақпарат халыққа әлі жетпей жатыр-деп бастады кездесудегі сөзін М.Жолдасбаев. Сондықтан Елбасы тапсырмасымен жер-жерді аралап, аудан тұрғындарына Қазақстан Республикасының Жер кодексіндегі өзгерістер мен толықтырулар туралы жан-жақты түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Жер

кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ауыл шаруашылығы жерлерін кадастрлық құнынан 50 пайыздық жеңілдікпен 10 жыл мерзімі ішінде сатып алуға мүмкіндіктер береді-деді.

Кездесу барысында Мұратбай Смағайұлы 100 нақты қадам – Ұлт жоспарын іске асыру мақсатында




қабылданған құжаттар, енгізілген өзгертулер мен толықтырулардың маңызы, ерекшелігі, оның кәсіпкерлер мен шаруа қауымына берер мүмкіндігі туралы жан-жақты түсінік берді. Шаруа қауымы өздерін толғандырған мәселелер туралы сұрақтар қойып, оларға нақты жауаптар алды.

Сенат депутаты жанында аудан әкімі М.Шүкеев, аудан әкімінің орынбасары Д.Сұлтанбеков, тиісті сала басшылары еріп жүрді.



ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың төрағалығымен өткен жұмыс кеңесі

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ТУРАЛЫ



ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың төрағалығымен өткен жұмыс кеңесі

ПРЕЗИДЕНТТІҢ 3 БАСТЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШЕШІМІ

1

* Жер кодексінің қоғамдық резонанс туғызған бірқатар нормаларының әрекет етуіне 2016 жылдың соңына дейін мораторий жарияланды

2

* Үкімет жанынан бірінші вице-премьер Б.Сағиттаевтың басшылығымен бұқпалы мүдделі меморандардың және қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен Комиссия құру – жылы соңына дейін Комиссия кең ауқымды талқылау жүргізіп, Жер кодексінің даулы мәселелері бойынша қозғалыстар қалыптастыру және Парламентке нақты ұсыныстар енгізуі тиіс

3

* «Нұр Отан» партиясының Демократиялық күштердің бірлескен коалициясы алаңында барлық партияларды, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ-ты тарта отырып, жер көлемді түсінік жұмыстарын жүргізуі – түсіндіру жұмыстарына Парламенттің қос палатасының депутаттары, Үкімет белсенді атсалысуы тиіс – облыс әкімдері бүкіл өңірлерде дәл осындай түсіндіру жұмыстарын жүргізуі керек



ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың төрағалығымен өткен жұмыс кеңесі

ПРЕЗИДЕНТТІҢ 15 РЕЗОНАНСТЫҚ ЦИТАТАЛАРЫ

- «Жерді иетел азаматтарының меншігіне сату туралы ешқандай әңгіме БОЛҒАН ЖОҚ және БОЛМАЙДЫ ДА».
- «Елімізде 8 мыңнан астам ауыл шаруашылығы өндірушілері бар. Шаруа және фермерлік шаруашылықтар саны 177,5 мыңнан асады, жекке қосалқы шаруашылықтар – 1,5 миллионнан артық. Және олар күні бойы далада, фермада, жайлауда жұмыс істейді, сендердің жаңалықтарыңды күтті, теледидар алдында отырмайды».
- «Өздеріңнің барлық ұсыныстарыңды әзірлеу кезінде министрлікте есікті тарс жауып алып, барлығын өздеріңнің араларыңда шешесіңдер. Кімнен жасарыңсыңдар? Халықтан ба? Ал онда барлық заңды күштер үшін жазасыңдар? Осының барлығы халық үшін, экономиканы дамыту мен оның игілігі үшін, қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру үшін жасалады».
- «Жер кодексі бойынша жұмыстарға жауапты екі мемлекеттік орган – бұлар Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Ұлттық экономика министрлігі. Олар өз жұмыстарын орындай алмады».
- «Сендер үшін кім түсіндіреді? Жаңа қандай нормалар енгізілетінін, оларды қалай пайдалануға болатынын сендерден артық кім біледі? Сендер жұртшылыққа ешнәрсе де жеткізе алған жоқсыңдар!».
- «Сендер ЕЫДҰ-ның стандарттары туралы көп айтасыңдар. Сол елдерде тағы бір, ең басты стандарт бар – үкіметтің және оның барлық мүшелерінің қоғам үшін күн сайғы ашықтығы. Онда министрлер туындайтын барлық сұрақтарға қанаңда жедел түсінік беріп отырады».
- «Ақпараттық жұмыс – бұл брифингте журналистер алдына шығып, қағазға жазылғанды оқып беру ғана емес. Біздің министрлер, тіпті, брифингтерде журналистерден ат-тондарын ала қанады, қарапайым ғана сұрақтарға жауап бермейді. Түсіндіру жұмыстары басшылық алдында есеп беру үшін ғана отқызылатын әншейін бір «сезекші» шараға айналдырып жіберілген».
- «Халықпен, бірінші кезекте, жаңа заңды пайдаланатындармен кездесу керек».
- «Бірде-бір он-лайн түсіндірулер немесе конференциялар болған жоқ. Халық сұрақ қоя бастағанда ғана естерін жиды».
- «Біз ешкімге де дағдырасты пайдаланып, ортақ үйіміздегі бейбітшілік пен тұрақтылықты бұзуда жол бермейміз».
- «Кімде-кім құқықтық тәртіпті бұзатын болса, заңның бүкіл қатандығы бойынша жауап береді».
- «Қоғамда бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту – әр азаматтың, барлық қоғамдық ұйымның, барлық қазақстандықтың ісі».
- «Біз мемлекеттік органдар жұмысының сапасы туралы айтқанда, өзімізден: әрбір нақты адамға не керек? – деп сұрауымыз керек».
- «Біз әрбір бағдарламаны министрлер немесе меңгерушілер үшін емес, нақ қарапайым азаматтар үшін жүзеге асырамыз».
- «Біздің әрбір іс-әрекетіміз қарапайым адамға түсінікті болуы тиіс, ол оның барлық арқаулық құндылықтарының өзінше дейін жетуі керек. Ал бұл Патриоттық актіде көрініс тапқан жеті қарапайым түсінік: Отбасы, Тамақтану, Баспана, Жұмыс, Денсаулық, Білім алу және Отан».



ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың төрағалығымен өткен жұмыс кеңесі

ПРЕЗИДЕНТТІҢ 4 ХАЛЫҚТЫҚ ТАПСЫРМАСЫ

1

* Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі медициналық сақтандыруды енгізу бойынша іс-қимылдардың жол картасын әзірлеуі керек

2

* Үкімет дәстүрлі тамыз конференциялары алаңын пайдалана отырып, орта мектептерде оқу жылын ұзарту, үш тілді білім беруді енгізу мерзімдері мәселелері бойынша қоғамдық пікірді мұқият зерттеуі керек – пайда болған барлық сауалдарды талқылау және күн тәртібінен алу үшін жаңа ұңғалысу алаңқайы – Қоғамдық кеңестерді іске қосу

3

* Үкімет жанынан адамдарға барлық жаңа нормаларды, оларды қалай пайдалану, кімдерге өтініш жасау керектігін түсіндіру үшін біртұтас қол-орталық – «қызу желі» құру – әрбір өңірде осыған ұқсас консультациялық орталықтар ашу – бірде-бір сауал жауапсыз қалмас үшін білікті жауапты адамдарды бекіту

4

* Үкіметке – жер қатынастарын реттеу саласындағы салалық функцияларды Ауыл шаруашылығы министрлігіне беру

Сүйінші, ағайын!

ЕРЕН ЕРЛІКТІ ӘСПЕТТЕГЕН ЕСКЕРТКІШ

Г. Әбдіқұлова,
«Ауыл жаңалығы».

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 71 жылдығы мен Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай МЫРЗАТАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ ДИХАН АУЫЛЫНЫҢ ТҮЛЕКТЕРІ: МӘСКЕУ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНЫ ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКЕМПІРОВ, ЖОМАРТ ЖҮРЕКТІ КӘСПІКЕР ТӘУІРБЕК ҚАРАУЛОВ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҢ АТПАЛ АЗАМАТТАРЫ, АҚСАҚАЛДАР МЕН ТҮРГЫНДАРДЫҢ ДЕМЕУШІЛІГІМЕН МЕМОРИАЛДЫҚ ЕСКЕРТКІШ БОЙ КӨТЕРДІ.

Биіктігі 11 метр тұратын ескерткіштің басында жер шары бейнеленген. Оның ортасына «Қазақстан» атауы, орта тұсында «Ерлік те, елдік те ұмытылмайды», ал төменгі жағына «1941-1945» деп жазылған. Ескерткіштің екі жағына қойылған қызыл гранит бетіне аталмыш ауылдан соғысқа аттанып оралмаған солдаттарға және соғыстан кейінгі бейбіт кезеңде өмірден қайтқан жерлес ата буын ардагерлері, сонымен қатар тыл еңбеккерлеріне, бір сөзбен айтқанда 1930 жылға дейін осы ауылда туып өсіп, тағдыр талайын көрген алдыңғы толқын өкілдерінің есімдері қашалып жазылған.

Ескерткіштің ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Б.Орынбеков сөз сөйледі. Бекболат Серікбекұлы ел басына күн туған шақта Жамбыл облысынан майданға 70 мыңнан астам азамат аттанып, оның 36 мыңнан астамы елге оралғандығын, майданда ерлік көрсеткен 22 жамбылдық Кеңес Одағының Батыры, 7-еуі Даңқ орденінің толық иегері атанғанын, бүгінгі таңда облыс бойынша арамызда 169 карт майдангер жүргендігін айтты. Соғыс және тыл ардагерлеріне Елбасымыздан бастап, облыс, аудан басшылары ұдайы қамқорлық көрсетіп отырғандығын тілге тиек етті.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай туған ауылына керемет тарту жасап отырған мәрт жігіттердің өнегелі істерін өзгелерге үлгі етуіміз қажет. Осындай елі мен жеріне қамқор азаматтар қатары көп болсын. Ал мына ескерткіш майданда ерлік жасап, туған жерге қайтпаған жауынгерлер, майдан даласынан туған жерге келіп, бейбіт



туған елдің мәртебесін биіктетуде әрбір азамат өз үлесін қосып, артына өнегелі із қалдыру, бүгінгі ұрпаққа жарқын болашақ сыйлаған аға ұрпақтың ерлігін, өнегелі тірлігін құрметтеу-әрбір азаматтың міндеті екендігін жеткізді.

Шара барысында сұрапыл соғыста ерлікпен қаза тапқан ерлердің рухына тағзым жасалынып, бір минут үнсіздік жарияланды.

Тендессіз Жеңісті алып берген соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне орнатылған мемориалдық ескерткіштің жамылғысын ашу мәртебесі облыс әкімінің орынбасары Б.Орынбеков ауданымыздың ардақты қариясы Р.Шәметов, ел мақтанышы Ж. Үшкempiров және аудан әкімі М.Шүкеевке ұсынылды.

Ескерткішке гүл шоқтары қойылып, әжелер шашу шашты.

Мерекелік салтанатта аудан әкімі М.Шүкеев сөз сөйлеп, Жеңіс мерекесі құрметіне туған ауылына үлкен сый жасаған азаматтарға алғысын айтып, атақты балуан Ж.Үшкempiров пен Байзақ ауданының Құрметті азаматы Р.Шәметовтің иығына шапан жапты.

Ескерткіштің тұсаукесеріне жиылған жұрт ел рухын көтеретін жеңіс әндерін тындап, атымтай азаматтарға алғыстарын жаудырды.

Шара соңында Отан үшін от кешкен боздақтардың әруақтарына бағышталып құран оқылып, ас берілді.



тірліктің бел ортасында болған ардақты азаматтар мен тыл ардагерлеріне деген шынайы құрметтің белгісі деп білген жөн. Ерлік-елге мұра, ұрпаққа-ұран,- дей келе, облыс әкімінің орынбасары Б.Орынбеков көпшілікті Жеңіс мерекесімен құттықтап, елімізге тыныштық, халқымызға құт-береке тіледі. Байзақ ауданының Құрметті азаматы Рәш Шәметов болса, Жеңістің оңайлықпен келмегендігін сөз ете отырып, өткенге құрмет көрсету-өскендігіміздің белгісі болып табылатындығын, ел бірлігін сақтау, тәуелсіздігімізді тұғырлы етудің маңызына баса мән беріп, игі іске айрықша үлес қосқан азаматтарға алғысын айтып, батасын берді. Қазақ елінің мақтанышы, Олимпиада чемпионы, жерлесіміз Жақсылық Үшкempiров болса

«Бірыңғай азаматтарды қабылдау күні» акциясы

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУДАН ЖҰМЫС ТАПТЫ



2016 жылдың 29 сәуірі күні "Нұр Отан" партиясы Байзақ аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде Қазақстан халқы Ассамблеясымен өзара бірлесіп, халықтар арасындағы достықты, ынтымақты нығайту және насихаттау бағытында "Бірыңғай азаматтарды қабылдау күні" республикалық акциясы аясында Жамбыл облыстық мәслихат депутаты Нурбаев Турсумбек Кизятлыянович пен аудандық мәслихат депутаты Туралиева Гаухар Алшынбековна аудан тұрғындарымен қоғамдық қабылдау өткізді.

Жұмыссыз келген азамат Ш.Мамедалиев пен М.Шынали «РОЛА-7» ЖШС жұмысқа қабылданды. Қоғамдық қабылдау барысында аудан тұрғындары тарапынан қойылған сауалдар, ұсыныс-өтініштермен бірге қазақ жерінде тағдыр табыстырған, тілі басқа, тілегі бір, сөзі басқа, жүрегі бір әр түрлі ұлт өкілдерінің бірлігін, достығы мен ынтымақтастығын арттыру, азаматтық рухты нығайту төңірегіндегі ойларымен бөлісті.



Өз тілшіміз.

ЖЕР – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ

С.Айтенова,
аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің жастар ресурстық орталығы» КМК-
нің Дін проблемаларын талдау секторының меңгерушісі.

Жер-тіршіліктің негізі. Жер мәселесі ең маңызды мәселе екендігі шындық. Жер Кодексіне енгізілген өзгерістерге Елбасы 2017 жылға дейін мораторий жариялағаны өте орынды деп ойлаймыз.

Жалпы жерге жанашырлықпен қарап, егіншілік мәдениетін көтерудің бүгінгі таңда маңызды екені ақиқат. Елбасының Ұлт жоспарының 35-қадамында ауыл шаруашылық жерлерін тиімді пайдалану мақсаты қарастырылған.

Жалпы жер-ел байлығы саналады. Сондықтан жерді дұрыс пайдалану, бос жатқан жерлерді игеру-уақыт талабы деп ұққан абзал.

Қазіргі таңда Жер кодексіндегі өзгерістерді халыққа жан-жақты түсіндірілуде. Сонымен қатар аудан аумағындағы мешіт имамдары арасында да бұл мәселе кеңінен талқылануда. Өткен аптаның бейсенбісінде «Байзақ баба» (мешітінің бас имамы Р. Азизов ауылдық округтердегі мешіт имамдарымен кездесу өткізіп, ауыл шаруашылық жерлерін тиімді пайдалану мақсатында кешенді іс-шаралар атқару төңірегінде ойларын ортаға салды.

Ел Тәуелсіздігіне- 25 жыл!

ПАТРИОТТЫҚ ӘНДЕР БАЙҚАУЫ

Г.Әбдіқұлова,
«Ауыл жаңалығы».

Ғасырлар бойы еркіндік асаған еліміз тәуелсіз мемлекет атанып, төрткүл әлеге танылды. Қазақ елінің алған асуы мен қол жеткізген бақтастары ұлан-ғайыр. Тәуелсіздіктің құндылықтарын кәдірлеп, кастерлеп, көздің қарашығындай қорғауға, өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеп, елді-жерді сүю арқылы «Мәңгілік Ел» идеясын орнықтырудың маңызы зор. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерекесіне орай аудандық әл – Фараби атындағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Тәуелсіз ел - Қазақстан!» атты аудандық патриоттық әндерді орындаушылар байқауы өтті.

Егеменді еліміздің рухын асқартатып, еліміз, жеріміз туралы және ұлттық рухты көтеретін жалынды да өршіл жаңа патриоттық әндерді кеңінен насихаттау, сондай-ақ, ауданымыздағы дарынды талант иелерін анықтап, олардың орындау шеберліктерін шыңдап, қолдау мақсатында өткен байқауға 25 пен 45 жас аралығындағы 12 өнерпаз қатысты.

Үміткерлер қазақтың халық әндері мен патриоттық әндерді нәшіне келтіріп шығады. Байқау нәтижесінде Темірбек ауылдық округінен келген Азамат Тойбаев -бірінші, Ботамойнақ ауылдық

округінің намысын қорғаған Гүлназ Құрбаналиева-екінші, түймекенттік Гүлмира Мамырбаева-үшінші орынды иеленді. Екі ынталандыру жүлдесі аймандобелік Перизат Жылқыбаева мен суханбайлық Гүлмира Есеноваға табысталды.

Жүлдегерлер арнайы Дипломдармен және заттай сыйлықтармен мадақталды.



Р. С. Байқау ережелері 1 айдан бұрын жарияланғанына қарамастан 10 ауылдық округтен 12 талапкер ғана қатысқан өнер додасына Көктал, Қызыл жұлдыз, Қостөбе, Мырзатай, Ынтымақ, Жаңатұрмыс ауылдық округтерінен бірде-бір талапкердің қатыспауын қалай түсінуге болады? Жастар бойына отансүйгіштік, патриоттық сезімді қалыптастыруға ықпал ететін ән байқауын клуб меңгерушілері мен аталмыш округ әкімдерінің менсінбегені ме? Осы жағы түсініксіз.

БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Г.Жаманова,
Г.Мұратбаев атындағы мектеп-гимназиясының директоры.

Ағымдағы жылы «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданғаны белгілі. Бағдарлама еліміздің білім саласына жаңа мазмұн беруді, білім жүйесін әлемдік деңгейге жеткізіп, жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды көздейді.

Білім саласы мемлекетіміздің даму бағытын, болашағын айқындайтындықтан жаңа бағдарлама әлеуметтің қызу талқысына түсіп, қызығушылық тудырғаны заңдылық.

Жаңа білім жүйесінің ең басты ерекшелігі сапалы білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету болып табылады. Жаңа жүйеге толыққанды көшу барысында ең озық педагогикалық технологиялармен қатар Назарбаев зияткерлік мектептерінің іс-тәжірибесі барлық мектептерге енгізіліп, балаларымыздың сапалы білім алуына мол мүмкіндік ашылатындығы қуантады.

Оқулықтардың мазмұнының жанарып, әлемдік стандарттарға сәйкес жасалатындығы, білім беру деңгейі бойынша оқулықтар мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған бірыңғай әдіснамалық тәсілдеме әзірленетіндігі ұстаздар қауымының қолдауына ие болып отыр.

Бағдарламаның тағы бір жағымды тұсы - 5 күндік білім беру жүйесіне көшу. Бұл балалардың отбасында өтетін уақытын, отбасылық тәрбие мен баланың қосымша жетілуіне қажет уақытты екі есеге жуық арттырады. Енді балалардың спортпен, музыкамен, өнермен айналысуына мол мүмкіндіктер туады.

Бес күндік оқу аптасының енгізілуімен жазғы каникулдардың қысқарып кетуі ата-аналарды алаңдатыны белгілі. Жалпы жаңа бағдарлама бойынша оқу жылы бастаушы сыныптар үшін тек 5 күнге, ал негізгі және жоғары буындарға 10 күнге ғана ұзаратындығын ескерсек, жазғы каникулдардың ұзақтығына ешқандай нұқсан келмейді.

Жаңа бағдарламаның қоғамда ең көп талқыланып, наразылықтар тудырған бағыты - білім берудің үштілділік жүйесі.

«Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дағдысына кіреді», - деп ұлы Абай айтқандай шәкірттеріміз

үштілде білім алып, үштілде ізденіп, білімін жетілдірсе, одан еліміздің ұтары көп болатыны айқын.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2011 жылғы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауында: «Мен бүгінгі ұрпақтың үштіл білуін қолдаймын. Мемлекеттік тіл – мемлекет құрушы ұлттың тілі, ал орыс тілін білуі – ұлы байлық. Ағылшын тілі ілгерілеушілік пен технологиялардың тілі болғандықтан бұл оны үйренуге тиіспіз. Ал қазақ тілі барлық қазақстандықтарды біріктіріп, жақындастырып өзара түсіністік пен сүйіспеншілікке жетелейді», - деген сөздерінен қазақ тіліне деген құрметтің қаншалықты жоғары екенін түсінуге болады. Сонымен қатар жаңа бағдарлама бойынша қазақ тілінде өткізілетін пәндердің үлесі 70%-ды құрайтындығын және Қазақстан тарихы пәні оқытылу тіліне қарамастан қазақ тілінде оқылатынын ескерсек, қазақ тілінің мәртебесі биіктеп, оқушылар пән арқылы тілді тереңірек игере түседі.

Жаңа білім беру жүйесі мұғалімдердің қоғамдағы мәртебесін көтеріп, мамандықтың беделін арттыруға бағытталып отыр. Жаңа буын оқулықтарымен қатар мұғалімдерге жаңа буындағы әдістемелік құралдар ұсынылып, мұғалімдердің біліктілігін жетілдіруге көп көңіл бөлінетін болады. Сонымен қатар мектептердің материалдық-техникалық жабықталуын жақсарту бойынша жоспарланып отырған жұмыстарды мұғалімдер қауымы жылы қабылдады.

12 жылдық білім беруге көшуге тоқталатын болсақ, аудан тұрғындарына мәлім болғандай, Г.Мұратбаев атындағы мектеп-гимназиясында 12 жылдық білім беруге көшу бойынша 2003-2015 жылдар аралығында республика деңгейінде эксперимент алаңы жұмыс істеп, мол тәжірибе жинақталғаны белгілі. Сынақ алаңында 12 жылдық білім беруге көшу бойынша оқулықтар мен оқу бағдарламалары сынақтан өткізілді. Сынақ барысында 12 жылдық жүйемен оқыған балалардың бағдарлама шеңберіндегі жүргізілген қосымша курстардың (ықпалымен) шығармашылық әлеуетінің жоғары екені байқалды.

Елімізде жүргізілген көп жылдық дайындықтың және қалыптасқан тәжірибенің нәтижесінде енгізілгені жатқан білім берудің жаңа жүйесі мемлекетіміздің қарқынды дамып, тәуелсіздігіміздің баянды болуына оң ықпал ететіндігіне сенімім мол.

МАҚСАТ – ЖАҢА КӨЗҚАРАС ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А.Мадимарова,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері Министрлігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің қызметкері.

Жуырда М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің М.Үркімбаев атындағы Жастар сарайында жастар ресурстық орталықтарының қызметін дамыту бойынша семинар-тренинг өткізілді.

Семинар осы салада жұмыс атқаратын жастар ресурстық орталықтары басшыларының, қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыруға бағытталған.

Семинар жұмыстарына аймақтық жастар ресурстық орталықтарының 260 маманы қатысты, сондай-ақ, Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері Департаментінің, облыстық Ішкі істер Департаментінің, облыстық «Жұмыспен қамту орталығы» «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының, Дін істері басқармасының, Қазақстан психологтары Ассоциациясының, «Еріктілер мектебінің» қызметкерлері, БАҚ өкілдері және басқалар қатысты.

Жастар ресурстық орталығы жастарға әртүрлі бағытта консультативтік және практикалық көмек көрсететін ұйым екендігін айта кету керек. Бүгінгі күні Жамбыл облысында мұндай 12 орталық қызмет атқарады.

Семинардың идеологиялық бағытында сөз сөйлеген Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері Департаментінің қызметкері Б.Бегалиев тұрақты дамып келе жатқан мемлекет мәселесінде бұған кері әсерін тигізбейтін жастардың ролі жөнінде айтып өтті.

Бұдан әрі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың тиімділігін және сыбайлас жемқорлық бейімділікті анықтау және зерттеу жүргізу мақсатында семинар қатысушылары арасында әлеуметтік сауалнама жүргізілді.



ПАМЯТКА НАСЕЛЕНИЮ ПО ПРЕДУПРЕЖДЕНИЮ АКТОВ ТЕРРОРИЗМА

Будьте наблюдательны! Только вы способны своевременно обнаружить предметы и людей, посторонних в вашем подъезде, дворе, улице.

Будьте бдительны! Обращайте внимание на поведение окружающих, наличие бесхозных и не соответствующих обстановке предметов.

Обеспечьте безопасность собственного дома: установите железную дверь с домофоном в подъезде, ежедневно проверяйте закрытие подвалов, чердаков и технических помещений.

Не делайте вид, что ничего не замечаете при опасном поведении попутчиков в транспорте! Вы имеете полное право на безопасность перемещения в транспорте.

Никогда не принимайте на хранение или для передачи другому лицу предметы, даже самые безопасные.

Обнаружение подозрительного предмета в безлюдном месте не должно ослабить вашу осторожность. Злоумышленник мог попросту бросить его, испугавшись чего-либо. Даже если у вас имеется личный опыт общения со взрывчатыми веществами, не пытайтесь прикасаться к ним. Самодельные взрыватели бывают сверхчувствительными и изопрочно хитроумными.

Не приближайтесь, а тем более, не прикасайтесь к подозрительному предмету, это может стоить вам жизни.

Научите своих детей мерам безопасности: не разговаривать на улице, не садиться в машины и не открывать дверь незнакомым людям, не подбирать бесхозные игрушки, не прикасаться к находкам и т.п.

Памятка населению при обнаружении подозрительных лиц

Признаки, свидетельствующие о планировании или подготовке акта терроризма:

1) неоднократное появление подозрительных лиц в окружении здания, где вы работаете (частое посещение), или во дворе дома, проведение фото и видеосъемки, а также записей в блокнот;

2) попытки избежать встречи с сотрудниками правоохранительных органов и уклониться от камер видеонаблюдения (опустил голову, отвернулся, прикрыл лицо);

3) проникновение в подвалы и на чердаки зданий лиц, которые не имеют отношения к их техническому обслуживанию;

4) необоснованное вступление незнакомцев в контакт с охранниками и обслуживающим персоналом административных и жилых зданий, выведение у них сведений о режиме работы, мерах по обеспечению безопасности и т.д.;

5) поиск посторонними лицами людей, готовых за солидное вознаграждение выполнить малозначимую работу (передача пакета, свёртка, посылки).

В случае обнаружения подозрительных лиц необходимо выполнить следующие действия:

1) Не принимать самостоятельных попыток к задержанию;

2) Незамедлительно сообщить о них в правоохранительные органы;

3) Не привлекать внимания, зафиксировать количество лиц, точные приметы внешности, одежды и имеющихся при них предметов, марки и номера используемых автомобилей, направление движения.

Памятка населению при обнаружении подозрительных предметов

Знайте: внешний вид предмета может скрывать его настоящее назначение. В качестве камуфляжа для взрывных устройств используются обычные бытовые предметы: сумки, пакеты, свёртки, коробки, игрушки и т.п.

Признаки, свидетельствующие о взрывоопасности обнаруженного предмета:

1) наличие неизвестного свёртка или какого-либо предмета у машины, на лестнице, в квартире и т.д.;

2) чужая сумка, портфель, коробка, какой-либо предмет; необычное размещение обнаруженного предмета у машины, дверей квартиры, в подъезде;

3) натянута проволока, шнур, видимые снаружи предметов провода, источники питания или изолирующая лента;

4) шум из обнаруженного подозрительного предмета (характерный звук, часового механизма, низкочастотные шумы).

Если вы обнаружили подозрительный предмет, не оставляйте этот факт без внимания:

1) в общественном транспорте:

- опросите людей, находящихся рядом и постарайтесь установить принадлежность предмета (сумки и т.д.) или кто мог его оставить;

- если хозяин не установлен, немедленно сообщите о находке водителю или кондуктору.

2) в подъезде своего дома:

- опросите соседей, возможно, предмет принадлежит им. Если владелец не установлен, немедленно сообщите о находке в правоохранительные органы (тел.: "102", "112").

3) на улице, парке и т.д.:

- осмотритесь вокруг, если есть возможность, попытайтесь, установить хозяина. Если он не установлен, немедленно сообщите о находке в правоохранительные органы (тел.: "102", "112");

- постарайтесь оградить или на удалённом расстоянии не допустить посторонних к предмету. По прибытию сотрудников правоохранительных органов передайте информацию о времени обнаружения предмета.

4) в учреждении, организации:

- немедленно сообщите о находке сотрудникам охраны или администрации объекта.

Не предпринимайте самостоятельных действий с находками или подозрительными предметами, которые могут оказаться взрывными устройствами - это может привести к их взрыву, многочисленным жертвам, разрушениям.

Категорически запрещается:

- вскрывать, сдвигать с места, поднимать, переносить предмет, брать в руки;

- класть предмет в карманы, портфель, сумку и т.п.;

- закапывать в землю или бросать их в водоёмы;

- обрывать или тянуть отходящие от предметов проволоку или провода, предпринимать попытки их обезвредить;

- пользоваться обнаруженными неизвестными предметами;

- пользоваться в непосредственной близости от предмета радио- и электроаппаратурой, сотовыми телефонами.

Өзекті мәселе қаралды

Аптаның бейсенбісі күні аудан әкімдігінің мәжіліс залында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелеріне қатысты өткізілген семинар-кеңес отырысын аудан әкімі аппаратының басшысы Б.Ақбаев ашып, күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстырды.

Семинар-кеңес отырысындағы бірінші мәселе - «Азаматтық хал актілерін тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 22 ақпандағы № 54 қаулысы» бойынша аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру және мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімшесінің бас маманы Б.Кенесбек, ал, екінші мәселе бойынша, яғни «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының басшысы Р.Шариновтар баяндама жасады.

Баяндама аяқталған соң семинар-кеңес отырысына қатысушылар тарапынан қойылған ұсыныстар мен сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Отырысқа аудан әкімдігінің бөлімдері, ауыл және ауылдық округ әкімі аппаратының мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты мамандары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ЗАРДАБЫ мен ЗАЛАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2009 жылы қабылданған «Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы» заңында күш көрсету психологиялық, сексуалдық және экономикалық болып бөлінеді. Тәуелсіз сарапшылардың дерегіне сенсек, әйелдердің 30 пайызы ұрып-соғуға, 60 пайызы жыныстық зорлыққа ұшырайды екен. Бүгінде 40 жасқа дейінгі қыздар мен әйелдерді күштеп жұмысқа тарту мен жеңіл жолға салу әрекеттері жиілеген. Еліміздегі әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мәліметіне сүйенсек, көп жағдайда зорлық-зомбылықтың құрбаны нәзікжандылар мен балалар болып жатады екен.

Аудан орталығындағы кітапханада аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мен аудандық ішкі істер бөлімі жергілікті полиция қызметі әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтан қорғау тобының ұйымдастыруымен «Әйелдерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау тәсілдері» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелді аудан әкімі аппаратының бас инспекторы С. Иманова ашып, елімізде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау туралы елімізде қабылданған, бүгінде күшіне енген Заңның басты баптары туралы айтып берді. Бұдан соң Байзақ аудандық ішкі істер бөлімі жергілікті полиция қызметі әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторы, полиция аға лейтенанты Т. Нұрғалиқызы сөз алып, елімізде нәзікжандылар душар болатын тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлеріне тоқталды, оның зардаптары мен қорғану жолдарын сөз етті.

Дөңгелек үстелге қатысушылар тарапынан туындаған сауалдарға жауаптар берілді.

ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ- басты назарда

Байзақ ауданы әкімдігі жанындағы кәмететке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысында 6 мәселе қаралды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Аудан бойынша кәмететке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыстың ахуалы» туралы аудан әкімдігі білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ш.Әбдірәсілов, Байзақ АІІБ ЖІПК ЮІПТ жетекшісі, полиция майоры Қ.Асанбаев баяндама оқыды.

«Аудан бойынша кәмететке толмаған жасөспірімдердің арасында ерте жүктіліктің алдын алу және осыдан туындайтын қылмыстық жауапкершілік туралы құқықтық түсіндірме жұмыстары бойынша құрылған мобильді лекторлық топтардың атқарған жұмыстары жайында аудан әкімдігі жанындағы кәмететке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысы Б.Кенесбек, аудан әкімдігі білім бөлімдерінің әдіскерлері И.Спанилиева, Р.Сабитбекова, А.Шаухаров, Г.Ибрагимовалар баяндалды.

Ал, ерте жүкті ретінде тіркелген кәмететке толмаған жасөспірімдер жөнінде аудандық орталық аурухананың бас дәрігерінің орынбасары Г.Мамырбаева айтып берді.

Аудандағы білім беру мекемелерінде суицидтің алдын алу мәселесі жөнінде аудан әкімдігі білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ш.Әбдірәсілов, аудандық орталық аурухананың бас дәрігерінің орынбасары Г.Мамырбаева шығып сөйледі.

Комиссия отырысында «Әрбір бала – өз отбасымен тұруы тиіс» акциясы және кәмететке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі 2015-2017 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары туралы да айтылды.

Өз тіліміз.

ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ- 25 ЖЫЛ! МЕРЕКЕГЕ АРНАЛДЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘТТІ ҰҒЫМ. АТА-БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ ЕРЕН ЕҢБЕГІМЕН ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН ЕГЕМЕНДІК ЖАС ҰРПАҚ ҮШІН ҚАСТЕРЛІ, ҚАДІРЛІ ҰҒЫМ.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 25 ЖЫЛ ТӨЛУЫНА ОРАЙ ЖӘНЕ ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 71 ЖЫЛДЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ Ш.ҰӘЛИХАНОВ ОРТА МЕКТЕБІНДЕ АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРІ ДАЙЫНДЫҚ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІ ЖАСҰЛАН АХМЕТОВТЫҢ МҰРЫНДЫҚ БОЛУЫМЕН 5-7 ЖӘНЕ 8-11 СЫҢЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АРАСЫНДА «САПТА ЖҮРІП ӘН АЙТУ» СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАР БАЙҚАУЫ ӨТКЕРІЛДІ.

Аталмыш іс-шараны мектеп директоры Ж.Тайшибеков ашып, талайғы қиындықтармен басымызға бақ болып қонған тәуелсіздік, оны тұрақты ету жолындағы Елбасының ерен еңбегі, 1941-1945 жылдары болған неміс басқыншыларына қарсы ұрыс, майдан даласында жаумен арпалысқан батырлар батылдығы туралы айтып, біздің ауданнан Отан қорғауға аттанған жауынгерлер жайлы мәлімет берді. Елін, жерін қорғаған ерлердің қаармандығы кейінгі жас буынға үлгі екендігін ауызға алды. Мұнан соң оқушылар командалық құрамда сапта жүріп ән айтумен қатар, спорттың 4 түрі бойынша бақ сынасты. 100 метрге жүгіру, кермеге тартылу, қол гранатасын лақтыру және күш гимнастикасы бойынша ептіліктерімен күштіліктерін байқатқан жас өрендердің ішінен 10 сыныпы оқушылар алғы шептен көрінді. Қалған екі орынды 9 “а”, 8 “б” сыныптары өзара бөлісті.

Екінші буыннан І орынды 5 “б” сынып оқушылары жеңіп алса, ІІ,ІІІ орындар 6”а”, 7 “а” сыныптарына берілді.

Ең қызығы ұл-қыздардың спорттық ойындарда өнер көрсетуі еді. Кермеге тартылудан Ж.Көпжасарова, М.Үсәлі ең үздік деп танылып, оларға Дипломдар табысталды.

Мерекеге арналған мерейлі шара жас ұрпақ бойына Отансүйгіштікті қалыптастырып, егемендіктің оңайлықпен жетпегендігін ұғындыруға септігін тигізді.

Өз тілшіміз.

СПИСОК НАЛОГОПЛАТЕЛЬЩИКОВ, ИМЕЮЩИХ ЗАДОЛЖЕННОСТЬ ПО НАЛОГАМ

1	210900213309	130741012347	Филиал Акционерного общества “СОНГ ДО КОНСТРАКШН” в городе Тараз	101110	-5640704
2	210900212729	110140018494	Товарищество с ограниченной ответственностью “Жолдасбай Құрылыс Проект”	105101	-125323,98
3	210900212718	110140004701	Товарищество с ограниченной ответственностью “Жаңа Саз”	105101	-91895,6
4	210920103139	501215302210	ЖАЛНАЗАРОВ ЖАКСЫЛЫК	103101	-65425,32
5	210910174815	700508301521	МАЖИБАЕВ МИХАИЛ СУЛТАНКЕРЕЕВИЧ	103101	-60856,51
6	210900211676	70340014568	Товарищество с ограниченной ответственностью “Байзақ Инфо”	101110	-59433,31
7	210920052801	800624303371	САРСЕНБИЕВ ҚУАНБЕК ЕСКЕРМЕСОВИЧ	105101	-57850
8	210900212916	120240015722	Товарищество с ограниченной ответственностью “Рахматулла Сауда”	105101	-52086,91
9	600800538026	110340007684	Товарищество с ограниченной ответственностью “Трэйд-АлАс”	104101	-38846,63
10	211500097030	1140002110	Товарищество с ограниченной ответственностью “РТС-ОЙЛ”	107110	-34354
11	210910004389	791213302387	АКЫЛОВ АРНУР АБДИЛИМОВИЧ	204162	-27780
12	210910093331	740312301916	НАДЫРБЕКОВ АЗАМАТ ШАЙСУЛТАНОВИЧ	204162	-27780
13	210910098871	610202303149	ПСИБАЕВ ЕРБОЛ АБДУАЛИЕВИЧ	204162	-27780
14	210910328099	641119402332	ОРАЗБАЕВА НУРЖАМАЛ АРҒЫНҒАЗИЕВНА	204162	-27780
15	210920038531	770214303186	ЕДИЛХАНОВ ҚУАНДЫК	204162	-27780
16	210920099159	840126301187	ИТКУЛОВ НУРЛАН БЕКБОСЫНКУЛОВИЧ	204162	-27780
17	210920145992	640304399034	КУНИБЕКОВ ЭЛЬМУРАТ ЖАЙШИЛКОВИЧ	204162	-27780
18	210920212750	630529302053	САЛИЕВ МИРЗА ХАЛИКУЛОВИЧ	204162	-27780
19	211512135582	531123300031	ГРЕБЕНЮКОВ ЮРИЙ НИКОЛАЕВИЧ	204162	-27780
20	211520665106	890120402425	КИЯБАЕВА МАРИЯ АЗИМОВНА	204162	-27780
21	210920103139	501215302210	ЖАЛНАЗАРОВ ЖАКСЫЛЫК	204162	-22458,06
22	211500244637	100441015444	Фидиал АО “GwangHyuk construction co.Ltd” (КванХек Констракшн ю Лтд) в Жамбылской области	101110	-21666,99
23	210900212718	110140004701	Товарищество с ограниченной ответственностью “Жаңа Саз”	204162	-16968
24	210910172137	340101322515	КОПБАЕВ СЕИТ	204162	-15856
25	210911156342	700915300665	МОМЫНКУЛОВ НУРЖАН ТҮЛЕГЕНОВИЧ	204162	-15856
26	210911201327	800708300046	НАУШАБЕКОВ САКЕН АЙТКУЛОВИЧ	204162	-15856
27	210920033046	810426302676	ТАДЖИБАЕВ ЭРКИН ИГЛИКОВИЧ	204162	-15856
28	210920037808	800223305299	КАНАТОВ КУВАНДЫК САБЫРБАЕВИЧ	204162	-15856
29	210920053865	850324302659	КОСЫГУЛОВ МАНАРБЕК МАРАТОВИЧ	204162	-15856
30	210920067117	760131403398	УЛАСКАНОВА АМАНГУЛ АЛЛАБЕРГЕНОВНА	204162	-15856
31	210920087243	840409302659	АЙТБАЕВ ПАРАХАТ МАРКАБАЕВИЧ	204162	-15856
32	210920101022	870208302700	ТАЙПАКОВ НУРЗАТ ЕГІЗБАЕВИЧ	204162	-15856
33	210920123430	841126301497	ТҮЛЕГЕНОВ ГАЗИЗ САТАНХАНУЛЫ	204162	-15856
34	210920150823	690420303083	КОЖАХМЕТОВ ПОЛАТХАН ДАУЛЕТОВИЧ	204162	-15856
35	210920215139	880519400812	ШАУШ-ОГЛЫ ДОНАРИ ДУРСУНОВНА	204162	-15856
36	210920300610	910410401529	АХМЕДОВА ЖАННАТ ШАРАФАТДИНОВНА	204162	-15856
37	210920309416	900912302875	БАЗИЛБАЕВ БАКТИЯР САПАРТАЛИЕВИЧ	204162	-15856
38	210920339210	911008302371	АГАНАСОВ ЕРНАР ОНЕРБЕКОВИЧ	204162	-15856
39	210920350694	930101303196	ӨМІРБЕК ТЕМІР ОРЫНБЕКҰЛЫ	204162	-15856
40	211020112908	840502301408	САНКИБАЕВ БЕКАТ ТУРАРБЕКОВИЧ	204162	-15856
41	211020195240	901007301552	МЕДЕУБАЕВ АЙДАРХАН БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ	204162	-15856
42	330120350832	850316302883	ТУКБАЕВ ЖАСҰЛАН ОМАРОВИЧ	204162	-15856

ЖУСАН ЖАҒЫРАҚТЫ ОҢАНШӨП

Г.Қабдушева,
К Р А Ш М АӨК МИК
«Республикалық фитосанитарлық
диагностика және болжамдар
әдістемелік орталығы» РММ
Жамбыл облысы Байзақ аудандық
филиалының герболог маманы.

Жусан жапырақты ойраншөп – ауылшаруашылығымен қатар адам денсаулығына зиян келтіретін карантиндік арашөп. Бұл өсімдік таралған аймақтарда олардың гүлдеу кезінде (шілде-тамыз) тұрғындар арасында аллергиялық амброзиялық полиноз ауруы жиі кездеседі. Ғалымдар халықтың 20 пайызы осы өсімдіктің тозаңынан зардап шегеді дейді. Бұл арашөптен адам ағзасы әлсіреп, денесі бөрігіп аллергиялық ренит, конъюнктивит,

ауыр бронхиялдық демікпе, мигрень секілді аурулар пайда болады.

Жусан жапырақты ойраншөп – біржылдық жаздық, тек қана тұқымдары арқылы көбейеді, биіктігі 1-2,5 метрге, тамыры 4 метрге дейін тереңдікке енеді. Сыртқы түрі кәдімгі жусан секілді. Бір өсімдігінің өзі 80-100 мыңға дейін тұқым береді. Вегетациялық кесу мерзімі 80-150 күнге созылады. Өсуіне қолайлы жерлер ол қала және ауыл көшелері маңы, бос жатқан және ауылшаруашылық жерлерінде, өзендер мен суаратын каналдардың жағасы, автомобиль мен темір жол бойында толық дамып өнеді. Арамшөп өскен жерінде топырақтың құнарлылығы мен ылғалдылығы азаяды, ауылшаруашылық дақылдарының

өнімділігі мен сапасы күрт төмендейді. Бұл өсімдіктің жапырағында 0,15 пайыз ащы эфирлік майлар болғандықтан мал және жануарлар жемейді. Шабындықта дайындалған шөптердің сапасы нашар болады.

Жусан жапырақты ойраншөп тұқымы тазартылмаған тұқымдық, азықтық материалдармен фураждық өнімдермен, топырақпен, көрік құралдарымен, ауылшаруашылық техникаларымен таралады. Сонымен қатар, құстар мен жануарлар, қатты соккан жел, нөсерлі жаңбыр тұқымның таралуына септігін тигізеді.

Күресу шаралары: уақытысында агротехникалық және химиялық тәсілдермен күрес жүргізу қажет. Арамшөпті жою оның дөңдеуіне дейін жүргізілсе тиімді нәтиже береді.

«ДЕНЬ ОТКРЫТЫХ ДВЕРЕЙ»

Накануне Дня защитника Отечества в войсковой части №28349 регионального командования «Юг» состоялся «День открытых дверей». Войсковую часть посетили учащиеся старших классов Акчулакской средней школы в сопровождении военрука школы, лейтенанта запаса С.Хабидулаева. Мероприятие было организовано «Молодёжным ресурсным центром» отдела внутренней политики акимата района и районным отделом образования.

Цель данного мероприятия – патриотическое воспитание подрастающего поколения, основанное на лучших традициях старшего поколения.

«День открытых дверей» проходил в рамках Патриотического месячника, проходившего в средних учебных заведениях района. Он стал завершающим этапом проведённых мероприятий, таких как вечера «Вспомним былое», «День единства», открытые уроки и т.д.

Экскурсию по войсковой части провёл заместитель начальника части, майор К.Орынбеков. Он познакомил старшекласников с историей становления Вооружённых Сил Республики Казахстан, рассказал о том, что единую систему Вооружённых Сил страны образуют современные, компактные по численности, хорошо оснащённые и боеспособные Сухопутные войска, Силы воздушной обороны и Военно-морские силы.

Рассказал, что совсем недавно войсковая часть отметила 50-летие со дня своего создания. После теоретической ознакомительной части он провёл экскурсию, в ходе которой познакомил ребят с современными образцами вооружения, военной и специальной техникой, стоящей на вооружении части.

Учащиеся смогли реально увидеть жизнь и быт военнослужащих в полевых условиях, экипировку современного солдата и предметы снаряжения.

Школьники также побывали в казармах. Но самым интересным для них был осмотр военной техники, в частности, пожарной машины и различных видов стрелкового оружия, как «АК-74» и другие.

«Многие из ребят проявили большой интерес к увиденному, решив, если не стать военными, то, как минимум, отслужить в армии, пожалуй, это главная цель, которую преследуют «Дни открытых дверей», проводимые в воинских частях. И она определённо была сегодня достигнута», - резюмировал учитель начальной военной подготовки школы С.Хабидулаев.

Наш корр.

КӘСІПОРЫНДАРДА ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІН ЖАҚСARTY

Ж.Калиев,
“Жамбыл облысы әкімдігінің еңбек инспекциясы” КММ-нің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімінің бас маманы.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау өзіне мемлекет, жұмыс берушілер мен жұмыскерлер бірлестіктері тарапынан тұрақты назар аударылуы талап ететін аса маңызды әлеуметтік-экономикалық проблема. Еңбектің қанағаттанғысыз жағдайлары, өндірістік жарақаттанушылық және кәсіптік аурулар қоғамға үлкен экономикалық шығындар келтіретін сөзсіз. Сондықтан да жұмыскерлер еңбегінің қалыптасуы жасауға және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға ерекше назар аудару қажет.

Алға қойылған міндеттерді шешу және жұмыс орындарындағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдарға бірінші кезекте заңнамалық базаны еңбек қатынастарының заманауи талаптарына сәйкестікке келтіру қажет.

Қазіргі уақытта бұл мәселелердегі мемлекеттік саясаттың бағыттары қолданысқа ағымдағы жылдан енгізілген ҚР-ның Еңбек кодексімен белгіленген. Қазақстанның ұзақ мерзімдік даму Стратегиясы «Қазақстан - 2050» шеңберінде еңбек қатынастарын реформалау, қызметкердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын нақты қорғауды күшейтуге, оның өнімділігі өсу шамасына қарай, еңбекке ақы төлеу деңгейін арттыруға және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мәселелерді заңнамалық реттеуге бағытталған.

Аталмыш Заңның негізгі мақсаттары: еңбек қатынастарын құқықтық реттеу сапасын арттыру, қайшылықтар мен ақтандықтарды жою, сондай-ақ қолданыстағы еңбек стандарттарын есепке ала отырып, еңбек заңнамасын жетілдіру болып табылады.

Заңға еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында енгізілген негізгі толықтырулардың бірі кәсіпорындарда еңбекті қорғау жөнінде бірлескен комиссияларды құруды ұсынады,

ХАБАРЛАМА

Жамбыл облысы Байзақ ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде заңнастағы офицерлердің әскери бөлімінен қолхат болған жағдайда келісімшарт бойынша шақыру өткізіледі. Барлық қызықтыратын сұрақтар бойынша мына мекенжайға хабарласуларыңызға болады: Сарыкемер ауылы, Д.Қонаев көшесі №182 ұй, Байзақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім, тел.: 2-14-41, 2-21-24.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Отдел по делам обороны Байзакского района проводит призыв офицеров запаса на контрактную воинскую службу при наличии у них отношения с войсковой части. По всем интересующим вопросам обращаться по адресу: с. Сарыкемер ул. Конаева № 182. Байзакский отдел по делам обороны, контактные телефоны: 2-14-41, 2-21-24.

Хабарландырулар

Т-164-05-50. 2002-2003 оқу жылында Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Мырзатай орта мектебінің 11-сыныбын бітіргендігі туралы Татибекова Жансая Қураласовнаның атына берілген сериясы ОБ№1015264 нөмірлі аттестат жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылады.

Т-165-05-50. 2007-2008 оқу жылында Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Көстөбе орта мектебінің 9-сыныбын бітіргендігі туралы Мавлюд-оглы Сұлтан Назимовичтің атына берілген сериясы НОБ№0280749 нөмірлі куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылады.

Аудан әкімі мен аудандық мәслихат аппараттары, аудандық ардагерлер кеңесі Байзақ ауданының Құрметті азаматы Есіркеп Серікбаевқа ұлы ҚУАНЫШТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Аудандық “Ауыл жаңалығы”-”Сельская новь” газеті редакциясының ұжымы газеттің штаттан тыс тілшісі, Байзақ ауданының Құрметті азаматы Есіркеп Серікбайұлына ұлы

ҚУАНЫШТЫҢ қайтыс болуына байланысты көңіл айтады.

Директор - Бас редактор
Сапар Қалмұратов

Кезекші А.Шотбасова

Меншік иесі-
“Байзақ аудандық
“Ауыл жаңалығы”- “Сельская новь”
газетінің редакциясы” жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы байланыс және ақпарат агентігі (11.06.2014 ж.) тіркеліп, № 14388-Г куәлігі берілген

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелген Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 “б” үй. Қалыбы ЖШС “Редакция газеті “Салық төртбі” баспаханасында жасалып, көбейтілді. Таралымы 2730 дана.

Талпырыс №35

Газет аптасына екі рет, сәрсенбі, сенбі күндері шығады.

Редакция авторлардың көзқарасы мен оқырман хаттарына жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырудың мәтініне жарнама беруші жауапты.

© - материалдың жариялану ақысы төленген.

Мекен-жайымыз:

Индекс 080100.

Жамбыл облысы,

Байзақ ауданы,

Сарыкемер ауылы,

М.Х.Дулати көшесі,

10 “а” үй.

Директор-Бас редактор: 2-28-60.

Хаттар бөлімі, тілшілер: 2-12-37.

Есеп бөлімі, жауапты хатшы: 2-15-70.

Газет сайты: www.auil-zhanaligi.kz

Эл.почта: ayil@mail.ru

